



"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) экспорттау және импорттау кезіндегі өзара жанама салықтардың принциптері туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 1 сәуір N 353

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) экспорттау және импорттау кезіндегі өзара жанама салықтардың принциптері туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) экспорттау және импорттау кезіндегі өзара жанама салықтардың принциптері туралы келісімді бекіту туралы

1997 жылғы 11 қарашада Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) экспорттау және импорттау кезіндегі өзара жанама салықтардың принциптері туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Грузия Үкіметі арасындағы
тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді)
экспорттау және импорттау кезіндегі өзара
жанама салықтардың принциптері туралы

Келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі, одан әрі
Тараптар,
сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға, шаруашылық субъектілері
үшін тең мүмкіндіктерді тағайындауға және адал бәсекелестік үшін жағдайлар
жасауға,
халықаралық сауданың жалпы нормалары мен тәртіптерін бағдарға алып,
мына төмендегілерге келісті:

1-бап

Жалпы айқындамалар

Осы Келісімнің мақсаты үшін:

а) "жанама салықтар" термині қосылған құнға салынған салықтарды және
акциз салықтарын немесе алымдарын білдіреді;

б) "нөлдік ставка" термині Тараптар мемлекеттерінің салық туралы заңдарымен
тағайындалған есептеу тәртіптеріне сәйкес қосылған құнға нөл процент ставкасы
бойынша салынған салықтарды білдіреді;

в) "белгілеу орнының принципі" термині бар Тараптың кедендік аумағымен экспорт
кезінде нөлдік ставканы қолдану және екінші тараптың ұлттық заңдарымен бекітілген
қолданыстағы ставка бойынша импорт кезінде салық салуды білдіреді;

г) "құзыретті органдар" термині қазақстан жағынан - Қазақстан

Республикасының Қаржы министрлігін, грузин жағынан - Грузин Қаржы
министрлігін білдіреді.

2-Бап

Экспорттау кезінде салық алу принциптері

Тараптар бір Тараптың аумағынан басқа Тараптың аумағына экспортталатын тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) жанама салықтар салынбайды.

3-Бап

Импорттау кезінде салық алу принциптері

1. Басқа Тарап аумағынан экспортталып бір Тарап аумағына импортталатын

тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) импорттаушы мемлекетте, оның заңдарына сәйкес, жанама салықтар салынады. Тараптың-импорттаушының кедендік аумағына тауарлар әкелінген кезде жанама салық салуды кеден органдары жүзеге асырады.

2. Басқа Тараптың аумағынан экспортталған импорт тауарларына (жұмыстарына, қызмет көрсетулерге) салық салу кезінде Тараптар олардың ішкі рыногтарында өндірілетін (сатылатын) ұқсас тауарлар үшін (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бекітілген сондай салық ставкаларын, жеңілдіктерді және есептеу тәртібін қолданады.

4 - Б а п

Даулы мәселелерді шешу

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы барлық дауларды және пікір қайшылықтарды Тараптардың құзыретті органдары консультациялар мен келіссөздер арқылы шешеді.

5 - Б а п

К ү ш і н е е н у і

1. Осы Келісім барлық қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы Тараптардың хабарланған күнінен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім тек оның күшіне енген күнінен кейін ғана ұсынылатын тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) қатысты қолданылады.

3. Кез келген Тарап Келісім әрекет ету кезінде туындаған қаржылық және басқа да міндеттемелерді реттегеннен соң шығуынан алты ай бұрын екінші Тарапқа жазбаша ескерту жіберіп, осы Келісімнің әрекетін тоқтатуға болады.

4. Тараптар қажет болғанда осы Келісімді жүзеге асыру барысын және оған толықтырулар мен өзгерістер енгізудің мақсатқа лайықтығын бағалау үшін

консультациялар жүргізетін болады. Бұндай консультациялардың мерзімін Тараптар қосымша анықтайды.

Алматы қаласында 11 қарашада 1997 жылы екі түпнұсқа данада әрқайсысы қазақ, грузин және орыс тілдерінде жасалды, барлық мәтіндердің де күші бірдей.

Осы Келісімнің қазақ және грузин тіліндеріндегі мәтіні бойынша Тараптар арасында пікір қайшылығы пайда болған жағдайда негізге орыс тіліндегі мәтін алынады.

Қазақстан Республикасының Грузия
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.